ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРИ (жалғасы)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбекен стандарттар (жалғасы)

Ақпаратты ашып көрсетуге қойылатын талаптар

Егер ұйым валюта басқа валютаға айырбасталмайтындаған ағымдағы айырбастау бағамын бағаласа, ол өзінің қаржылық есептілігін пайдаланушыларға басқа валютаға айырбасталмайтын валютаның ұйымның қаржылық нәтижелеріне, оның қаржылық жағдайына және акша ағымына қалай әсер ететінін немесе әсер ететінін түсінуге мүмкіндік беретін акпаратты ашады.

Аудысу

Түзетулер 2025 жылғы 1 кантардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді. Бұл фактінің ашылып көрсетілу талабымен мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Түзетулерді қолдану кезінде ұйым салыстырмалы акпаратты қайта есептей алмайды.

Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсерін тигізбейді деп күтілуде.

4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін әзірлеу оның басшылығынан есепті кезеңнің соңына пікір билдіруін, есептіліктің активтер сомаларына ықпал ететін бағалау мәндері мен жорамалдарды айқындауды талап етеді. Дегенмен осы жорамалдар мен бағалау мәндеріне катысты белгісіздік соған катысты осы сияқты жорамалдар мен бағалаулар қабылданған активтің баланстық құнына келешекте елеулі түзетулерді талап етуи мүмкін нәтижелерге әкеліп соктыруы мүмкін.

Кайырымдылықты есепке алу

Топ басшылығы Топ жеке және занды тұлғалардан алған барлық садақалар мен кайырымдылық көмек шартсыз деп санайды. Донорлар (жеке және занды тұлғалар) садака беру үшін Қор шоттарына ерікті түрде қаражат аударады. Тиісінше, Басшылық «Ұлттық әл-ауқат коры туралы» ҚР Заңына сәйкес «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат коры» АҚ боліп беретін жарналарды коспағанда, осы садақалар мен кайырымдылық көмектен түсетін кіріс акша қаражатын алу сәтінде танылуы тиіс деген қорытындыға келді.

«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат коры» АҚ боліп беретін жарналар

«Ұлттық әл-ауқат коры туралы» ҚР Заңына (2023 жылғы 19 маусымдағы өзгерістер) сәйкес «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат коры» АҚ Үкіметтің шешімі бойынша жыл сайын Қорға жеке (шоғырландырылмаған) таза пайданың кемінде 7%-ын бөліп береді. Осылайша, «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат коры» АҚ-ның 2022 жылғы жеке таза пайдасы 951.631 миллион теңгені құрады. Тиісінше, 2023 жылы Қор 66.614.101 мың теңге сомага садақадан түскен кірісті мойындағы. 2023 жылғы 31 желтоқсанға Қор осы сомалар 20.650.172 мың теңге алды.

Лотерея қызметінің операторы «Сәтті Жұлдыз» АҚ-ның жарналары

«Лотереялар және лотерея қызметі туралы» ҚР Заңына сәйкес лотерея операторы сатылған лотерея билеттерінен, түбіртектерден немесе өзге де құжаттардан түскен түсімдер мен Қорға міндettі мүліктік жарналар түріндегі жүлде коры арасындағы айырманың кемінде 10%-ын токсан сайын жіберіп отыруға міндettі. 2023 жылдың ішінде Қор 4.887.334 мың теңге алды.

Күтілетін кредиттік зияндарды бағалау резерви

Топ акша қаражаты мен оның баламалары және банктік салымдарға қатысты күтілетін кредиттік зияндарға (ККЗ) бағалау резервін таниды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІ БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)

Күтілеттік кредиттік зияндарды бағалау резерві (жалғасы)

Бастапқы танылған сәттен бастап кредиттік тәуекел айтарлықтай ұлғаймаған қаржы құралдары бойынша келесі 12 айдың (12 айлық күтілеттік кредиттік зияндар) ішінде мүмкін болатын дефолттардың салдарынан туындауы мүмкін кредиттік зияндарға катысты залалға бағалау резерві құрылады. Солар бойынша бастапқы танылған сәттен бастап қаржы құралдары үшін кредиттік тәуекел айтарлықтай ұлғайған дефолттың орын алу мерзімдеріне қарамастан (бүкіл мерзім үшін күтілеттік кредиттік зияндар) осы қаржы құралының қалған колданылу мерзімінің ішінде күтілеттік кредиттік зияндарға катысты залалға бағалау резерві құрылады.

Жеке табыс салығы

Жұмыскерлерге және (немесе) өзге де жеке тұлғаларға кірістер төленген кезде Топ салық агенті болып танылады және егер төленетін кірістерге төлем көзінен салық салынатын болса, жеке табыс салығын есептеуді, ұстап қалуды және аударуды қамтамасыз етеді.

341-бапқа сәйкес әскери қызметтің міндеттерін орындауга байланысты әскери қызметшінің, арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерінің, құқық қорғау органдары қызметкерінің (кеден органдарының қызметкерін қоспағанда), қызметтік міндеттерін аткаруға байланысты мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерінің кірісі жеке табыс салығын салудан босатылды. Сондай-ақ, табиғи зілзалаға немесе басқа да төтенше жағдайларға байланысты залалдарды өтеу түріндегі кіріс жеке табыс салығын салудан босатылды.

Фармацевтикалық препараттарды сатып алушы қаржыландауы

Топ «Орфандық аурулары бар пациенттерді дәрілік препараттармен қамтамасыз ету» бағдарламасы шеңберінде фармацевтикалық препараттарды сатып алу жөніндегі шарттарды қаржыландарады. Durbin PLC-пен жасалған шарттардың шеңберінде дәрі-дәрмектерге акы төлеу үш бөлікке бөлінеді: бірінші бөлім дәрі-дәрмек жеткізілгенге дейін төленеді; екінші бөлім дәрі-дәрмек жеткізілген күннен кейін 12 айдан кейін төленеді; және соңғы бөлім дәрі-дәрмек жеткізілген күннен бастап 24 айдан кейін төленеді. Науқас қайтыс болған немесе жағдай нашарлаған жағдайда барлық кейінгі төлемдер жойылады. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша осы бағдарламаның барлық катысуышылары препараттарды алды және олардың жағдайы нашарлаған жок. Тиісінше, Топ басшылығы Durbin PLC-пен жасалған шарттар шеңберінде төлемдердің қалған бөлігіне қатысты міндеттемелерді толық мойындағы.

Білім беру гранттарын қаржыландауы бағдарламасына қатысты шартты міндеттеме

Топ 2023 жылы «Қазақстан Халқына» Білім беру гранттары» қайрымдылық бағдарламасын бекітті. Бағдарлама білім беру гранттарын құру арқылы жоғары білімнің коллежімілігін арттыруға бағытталған. Грант беру бүкіл оку кезеңіне «бакалавр» дәрежесін бере отырып, жоғары білімге өтеусіз акы төлеуді және шәқіртакы төлеуді көздейді. Топ жыл сайынғы негізде жоғары білім алуша акы төлеу үшін 850 грантты аныктады. Грант басқаға беру құқығының атаулы болып табылады. Грант өз калалу бойынша аударылған немесе ұлгермеген жағдайларда, сондай-ақ шынайы емес акпарат берілген жағдай анықталған кезде токтатылады.

Осы бағдарламаны қаржыландау үшін қаржажды жинақтау мақсатында 2023 жылы Қор Эндаумент корын құрды. 2023 жылғы 31 желтоқсанда Эндаумент корының ақшалай қаржаты 6.719.978 мың тенгені, ал депозиттер мен банктердегі салымдарға орналастырылған қаржат 3.927.643 мың тенгені құрды.

2023 жылғы 26 шілдеде Топ жоғары және жоғары оку орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының тізімін және 2023-2024 оку жылына арналған гранттар санын бекітті. Топ оқыту үшін жоғары және жоғары оку орнынан кейінгі білім беру ұйымдарымен шарттар жасады. Топ басшылығы 2023 жылғы 31 желтоқсанға Эндаумент корының нысаналы қаржаждының болуына қарамастан, Топтың «Қазақстан Халқына» Білім беру гранттары» бағдарламасы бойынша оқытын ағымдағы студенттердің окуын аяқтауды қаржыландау бойынша конструктивті міндеттемелері жоқ деп есептейді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**5. САДАҚАДАН ТҮСКЕН КІРІС**

Мың тенгемен	2023 жыл	2022 жылғы 14 қаңтар (құрылған күні) мен 2022 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы кезең үшін
Демеушілермен жасалған шарттар бойынша қаржыландыру	88.011.635	92.120.026
Басқа да түсімдер есебінен қаржыландыру	22.826.037	39.665.996
	110.837.672	131.786.022

Демеушілермен жасалған шарттар бойынша қаржыландырубының анықтамалық мөнінде көрсетілген:

Мың тенгемен	2023 жыл	2022 жылғы 14 қаңтар (құрылған күні) мен 2022 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы кезең үшін
«Самұрық-Қазына» Ұлттық өл-ауқат қоры» АҚ	66.614.101	-
ARCELORMITTAL NETHERLANDS BV	16.000.000	-
«Сәтті Жұлдыз» АҚ	4.887.334	101.000
«ERG Komek» корпоративтік қоры	-	30.000.000
«Халық қайырымдылық қоры» жеке қор	-	12.000.000
«Болат Өтемұратов атындағы қор» жеке қор	-	10.000.000
«Altyntau Kokshetau» АҚ	-	6.470.000
«Kaz Minerals Bozshakol» ЖШС	-	6.200.000
«Kaz Minerals Aktogay» ЖШС	-	6.200.000
«Қазмырыш» ЖШС	-	5.855.000
«Kazakhmys Smelting» ЖШС	-	5.000.000
«Востокцветмет» ЖШС	-	3.100.000
«Кар-Тел» ЖШС	-	2.000.000
«Mall Management» ЖШС	-	1.000.000
Басқалары	510.200	4.194.026
	88.011.635	92.120.026

Басқа түсімдер есебінен қаржыландыру жеке демеушілерден, компаниялардан және жеке тұлғалардан шарт жасаспай түскен түсімдермен көрсетілген.

6. ҚАРЖЫЛЫҚ КІРІСТЕР

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін қаржылық кірістербының анықтамалық мөнінде көрсетілген:

Мың тенгемен	2023 жыл	2022 жылғы 14 қаңтар (құрылған күні) мен 2022 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы кезең үшін
Банк салымдары бойынша пайыздық кіріс	15.386.664	12.266.342
	15.386.664	12.266.342

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топ 15.386.664 мың тенге мөлшерінде уақытша бос ақша қаражатын орналастырудан пайыздық кіріс алды (2022 жыл үшін: 12.266.342 мың тенге). Топ әкімшілік шаруашылық шығыстарды уақытша бос ақша қаражатын орналастырудан түсетін сыйакы түріндегі кірістер есебінен жабады. Топ өзінің мақсаттары мен қызметіне сәйкес қайырымдылық көмек көрсету үшін 2023 және 2022 жылдардағы сыйакыдан түскен кірісті пайдалануды жоспарлап отыр.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**7. ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚА ЖҰМСАЛҒАН ШЫҒЫСТАР**

Мың тенге	2023 жыл	2022 жылғы 14 қаңтар (құрылған күні) мен 2022 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы кезең үшін
«Орфандық ауруларға шалдықкан емделушілерді дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету» бағдарламасы	21.191.718	15.489.241
«Ауылдық жерлерде тірек мектептердің өлеуетін дамыту» жобасы	17.587.769	2.478.603
«QH Денсаулық жолы» жобасы	3.273.282	—
«Ауылдық жерлерден келген мектеп окушыларын «QH Жаздық жолдама» балалар лагерлеріне жолдамамен қамтамасыз ету» жобасы	2.089.626	—
«QH арнайы мектеп білім беру үйімдарын жарақтандыру» жобасы	2.026.495	—
«QH цифрлық технологияларды пайдалана отырып, Ақтөбе облысының шағын жинақты ауылдық мектептерінің өлеуетін дамыту» жобасы	1.819.023	—
Білім беру гранттары	1.664.788	982.726
«QH Алматы облысының мектептерінде «Білім-инновация» лицейлерінің тәжірибесін енгізу» жобасы	1.542.521	—
«Болашақ инженерлер» жобасы	1.256.400	—
«Ақ жол-М» Оңалту орталығын жарақтандыру» жобасы	944.891	—
«Coursera» – қазақ тілінде	862.172	—
«Мүгедектің бар балалар мен жастарды (14-29 жас) инновациялық протездік-ортопедиялық бұйымдармен қамтамасыз ету» жобасы	636.873	554.997
«Ерте араласу орталықтарын жарақтандыру» жобасы	592.753	63.413
Қайғылы қаңтар оқығаларында зардап шеккендеге қайырымдылық көмек көрсету	562.600	2.318.577
«Оңалту орталықтарын жарақтандыру – «QH Оңалту орталықтары» жобасы	488.004	—
Шетелдік клиникаларда ауыр науқастарды емдеу	431.830	72.789
«QH-жабдықпен жарақтандыру белгінде онкологиялық қызметті дамыту» жобасы	342.000	—
«Қостанай облысында Әулиекөл ауданы, Аманқарағай ауылдық округі балалар жазғы лагерін салу» жобасы	268.850	—
«QH Балалар нейрохирургиялық қызметтін дамыту» жобасы	248.116	—
«Аутизм және басқа да ақыл-ой кемістігі бар балаларға арналған орталықтарды жарақтандыру» жобасы	223.668	—
«24 балалар спорт залы» жобасы	20.891	672.681
Батыс Қазақстан облысында табиғи апарттан зардап шеккен азаматтарға қайырымдылық көмек	—	209.581
Қостанай облысында өрттен зардап шеккен азаматтарға қайырымдылық көмек	—	771.905
Басқасы	977.202	174.000
	59.051.472	155.522
	59.051.472	23.944.035

«Орфандық ауруларға шалдықкан емделушілерді дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету» бағдарламасы бойынша шығыстарға дәрі-дәрмектерді сатып алу шығыстары жатады.

«Ауылдық жерлерде тірек мектептердің өлеуетін дамыту» жобасы бойынша шығыстарға сыйыптарға арналған жабдықка, жиһазға, спорттық жабдықтарға, кеңсе тауарларына және т.б. шығыстар жатады.

«QH Денсаулық жолы» жобасы бойынша шығыстар - шалғайдағы елді мекендерде тексеру жүргізу үшін медициналық жылжымалы кешендерді сатып алуды қаржыландыру бойынша шығыстар.

«QH Жаздық жолдама» жобасы бойынша шығыстар ауылдық жерлерден келген мектеп окушыларын балалар лагерлеріне жолдамамен қамтамасыз ету бойынша шығыстарды қамтиды.

«QH арнайы мектеп білім беру үйімдарын жарақтандыру» жобасы бойынша шығыстарға техникалық оқыту құралдарымен, жиһазбен, кабинеттер мен шеберханаларға арналған мамандандырылған жабдықтармен жарақтандыру шығыстары жатады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

7. ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚҚА ЖҰМСАЛҒАН ШЫҒЫСТАР (жалғасы)

«QH арнайы мектеп білім беру үйімдарын жарактандыру» жобасы бойынша шығыстарға техникалық оқыту күралдарымен, жиһазбен, кабинеттер мен шеберханаларға арналған мамандандырылған жабдықтармен жарактандыру шығыстары жатады.

«QH цифрлық технологияларды пайдалана отырып, Ақтөбе облысының шағын жинақты ауылдық мектептерінің әлеуетін дамыту» жобасы бойынша шығыстарға химия, биология, физика кабинеттері мен робототехника бойынша сабактар өткізуге арналған кабинеттерді жабдықтармен және жиһазбен жарактандыру шығыстары жатады.

Білім беру гранттарына арналған шығыстарға көп балалы отбасылардан және аз қамтылған отбасылардан шықкан ауыл мектептерінің түлектерін, сондай-ак жетім балалар мен мүгедек балаларды қолдау шығыстары жатады.

«QH Алматы облысының мектептерінде «Білім-инновация» лицейлерінің тәжірибесін енгізу» жобасы бойынша шығыстарға химия, биология, физика зертханалары мен кабинеттерін жаңа жабдықтармен және жиһазбен жарактандыру шығыстары жатады.

«Болашақ инженерлер» жобасы бойынша шығыстарға робототехникин зерделеу үшін ауылдық жерлерде және шағын қалаларда балаларға қосымша білім берудің қолжетімділігін қамтамасыз ету шығыстары жатады.

«Ақ жол-М» оңалту орталығын жарактандыру» жобасы бойынша шығыстарға психоневрологиялық аурулары бар және тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларға арналған орталықтарды жабдықтармен жарактандыру шығыстары жатады.

«Coursera – қазақ тілінде» жобасы бойынша шығыстар «Coursera» білім беру платформасының қазақ тіліне курстарын оқшаулау бойынша шығыстарды қамтиды, кейіннен Қазақстанның 25 жетекші өнірлік жоғары оку орындарының студенттеріне қолжетімділік беріледі.

«Мүгедектігі бар балалар мен жастаңдарды (14-29 жас) инновациялық протездік-ортопедиялық бұйымдармен қамтамасыз ету» жобасы бойынша шығыстарға протездік-ортопедиялық бұйымдарды дайындау шығыстары жатады.

«Ерте араласу орталықтарын жабдықтау» жобасы бойынша шығыстарға мамандандырылған жабдықты сатып алу және орнату шығыстары жатады.

Қайылы қантар оқигаларында зардап шеккендерге қайырымдылық көмек көрсетуге арналған шығыстар каза тапқан әскери қызметшілердің, ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлерінің отбасыларына 7 миллион теңге, әрбір ауыр жарапанған әскери қызметшіге, ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлеріне 3 миллион теңге мөлшерінде, сондай-ак қаза тапқан әскери қызметшілер мен ішкі істер органдары және ұлттық қауіпсіздік қызметкерлерінің отбасыларындағы әрбір қамелетке толмаған балаға 2 миллион теңге мөлшерінде төлеметін төлемдермен білдірілген. Осы төлемдермен байланысты есептелген жеке табыс салығы Қордың қайырымдылық жобалары бойынша шығыстарға қосылған.

«Оңалту орталықтарын жарактандыру – «QH Оңалту орталықтары» жобасы бойынша шығыстарға мамандандырылған жабдықтарды сатып алу және орнату шығыстары жатады.

Шетелдік клиникалардағы емдеу шығыстары ауыр наукастарды емдеуге кететін шығыстарды қамтиды.

«Жабдықпен жабдықтау бөлігінде QH-онкологиялық қызметті дамыту» жобасы бойынша шығыстарға StealthStation S8 навигациялық жүйесін сатып алушы қаржыландыру шығыстары жатады.

«QH балалар нейрохирургиялық қызметті дамыту» жобасы бойынша шығыстарға мамандандырылған медициналық жабдықтарды сатып алу және орнату шығыстары жатады.

«Аутизм және басқа да ақыл-ой кемістігі бар балаларға арналған орталықтарды жабдықтау» жобасы бойынша шығыстарға мамандандырылған жабдықты сатып алу және орнату шығыстары жатады.

«24 балалар спорт залы» жобасы бойынша шығыстар балалар үшін спортқа қолжетімділік деңгейі төмен елдің шалғай елді мекендерінде балалар спортының қолжетімділігін арттыру үшін спорт залдарын спорт жабдықтарымен жарактандыруға арналған шығыстармен білдірілген.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**8. ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР**

2022 жылғы

14 қаңтар

(құрылған күні)

мен 2022 жылғы

31 желтоқсан

аралығындағы

кеzeң үшін

Мың тенге	2023 жыл	
Жалақы және тиісті салықтар мен аударымдар	438.269	146.343
Жалдау шығыстары	56.166	16.686
Аудиторлық қызметтер	39.200	—
Іссапар шығыстары	13.645	5.796
Демалыстар бойынша резервті есептеу	13.593	1.180
Кәсіби қызметтер	7.990	25.724
Лицензиялық ақпарат жүйелеріне қолжеткізу қызметтері	7.264	—
Желі мен жабдықты орнату	6.018	—
Басқасы	27.296	26.684
	609.441	222.413

9. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА ҮӘҚ» АҚ-НАН АЛЫНУҒА ЖАТАТЫН ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚАРАЖАТЫ

«Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» ҚР Занының 30-бабының 5-тармағына сәйкес «Самұрық-Қазына» ҮӘҚ» АҚ жыл сайын Самұрық-Қазынаның өткен жылғы жеке қаржылық есептілігінде таза кірістің кемінде 7%-ын «Қазақстан Халқына» ҚҚ бөледі. Самұрық-Қазына қабылдаған «Қазақстан Халқына» ҚҚ коммерциялық емес ұйымға қаражат бөлу қағидаларына сәйкес тиісті қаражат «Самұрық-Қазына» ҮӘҚ жалғыз акционерінің шешіміне және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес бөлінеді.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Самұрық-Қазынаның қажетті корпоративтік шешімдері қабылданды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 19 желтоқсандағы ҚР-да онкологиялық аурулармен күрес жөніндегі 2023-2027 жылдарға арналған Кешенді жоспарда көзделген іс-шараларды іске асыру және орфандық аурулармен ауыратын ҚР азаматтарын дәрілік препараттармен қамтамасыз ету үшін Қорға 66.614.101 мың тенге мөлшерінде акша қаражатын бөлу туралы қаулысы қабылданды. 2023 жылдың ішінде Қоросы сомадан 20.650.372 мың тенге алды. Осылайша, 2023 жылғы 31 желтоқсанда Қор «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-нан («Самұрық-Қазына») 45.963.729 мың тенге көлемінде қайырымдылық қаражатын алғанын мойындағы.

10. ТӨЛЕНГЕН АВАНСТАР

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша төленген аванстар негізінен «Медсервис Плюс» КФК» ЖШС Липпарза, Верзенио және басқа да медициналық препараттарды жеткізгені үшін 4.780.174 мың тенге, «Стофарм» ЖШС Дарзалекс, Кискалитм, Эрлеада, Ридант, Лорбрена және Алеценза медициналық препараттарды жеткізгені үшін 2.598.255 мың тенге сомасында, «Қарағанды фармацевтикалық кешені» ЖШС онкологиялық аурулармен күрес жөніндегі кешенді жоспарға сәйкес онкологиялық аурулары бар азаматтарды дәрілік қамтамасыз етуді қаржыландыру тәсілдері шенберінде Блинцито препаратын жеткізгені үшін 910.653 мың тенге сомасында, «Демеу техникалық құзыреттілік орталығы» ЖШС «QH жабдықтармен жабдықтау бөлігінде онкологиялық қызметті дамыту» жобасының шенберінде медициналық жабдықтарды жеткізгені үшін 1.855.288 мың тенге сомасында берілген сомалармен білдірілген.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша төленген аванстар негізінен «Базисный магазин» ЖШС «Ауылдық жерлерде тірек мектептердің әлеуетін дамыту» бағдарламасы шенберінде мектептерді жараптандыру үшін жабдықтар жеткізгені үшін 979.795 мың тенге мөлшерінде берген сомалармен, «Медсервис Плюс» Қазақ фармацевтикалық компаниясы» ЖШС «Орфандық ауруларға шалдықкан емделушілерді дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету бойынша жобаларға амалдар туралы» бағдарламасы шенберінде Қоселуго медициналық препаратын жеткізгені үшін 280.213 мың тенге сомасында және «Арман Инжениринг» ЖШС «Болашак инженерлер» бағдарламасы шенберінде жабдықты жеткізгені үшін 176.400 мың тенге сомасында білдірілген.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**11. БАНК САЛЫМДАРЫ**

<u>Мың тенге</u>	2023 жылғы 31 желтоқсан	2022 жылғы 31 желтоқсан
Теңгемен банктік салымдар	29.964.355	40.106.605
Минусы: күтілетін кредиттік зияндар резерві	(96.513)	(364.106)
	29.867.842	39.742.499

2023 жылғы 31 желтоқсанға үш айдан астам мерзіммен банк салымдары бойынша орташа алынған сыйакы мөлшерлемесі 15,56% (2022 жылғы 31 желтоқсанға: 13,72%) болды. 2023 жылы үш айдан астам мерзіммен банк салымдары бойынша пайыздық кіріс 4.848.653 мың тенге (2022 жылы: 11.021.180 мың тенге) болды.

Банк салымдары бойынша күтілетін кредиттік зияндарды бағалау резервіндегі өзгерістер төменде келтірілген:

<u>Мың тенге</u>	2023 жыл	2022 жыл
1 қантарға	364.106	—
(Түзету)/Есептеу	(267.593)	364.106
31 желтоқсанға	96.513	364.106

12. АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН ОНЫҚ БАЛАМАЛАРЫ

<u>Мың тенге</u>	2023 жылғы 31 желтоқсан	2022 жылғы 31 желтоқсан
Тенгемен қысқа мерзімді депозиттер	89.835.727	77.135.996
Банктердегі ағымдағы шоттар, теңгемен	10.142.251	1.022.481
АҚШ долларында банктердегі ағымдағы шоттар	3.321.478	—
Банктердегі ағымдағы шоттар, рубльмен	880	14.222
Күтілетін кредиттік зияндар резерві	(123.764)	(128.654)
	103.176.572	78.044.045

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бір күннен үш айға дейінгі мерзіммен теңгемен қысқа мерзімді депозиттер бойынша орташа алынған сыйакы мөлшерлемесі 14,85%-ды құрады (2022 жылғы 31 желтоқсан: 13,31). 2023 жылы үш айға дейінгі мерзіммен қысқа мерзімді депозиттер бойынша пайыздық кіріс 10.538.011 мың тенге (2022 жылы: 1.245.174 мың тенге) болды.

Ақша қаражаты мен онық баламалары бойынша күтілетін кредиттік зияндардың бағалау резервіндегі өзгерістер төменде көрсетілген:

<u>Мың тенге</u>	2023 жыл	2022 жыл
1 қантарға	128.654	—
(Түзету)/Есептеу	(4.890)	128.654
31 желтоқсанға	123.764	128.654

13. САУДА ЖӘНЕ БАСҚА Да КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

<u>Мың тенге</u>	2023 жылғы 31 желтоқсан	2022 жылғы 31 желтоқсан
Қайырымдылық көмек бойынша кредиторлық берешек	5.914.768	252.660
Басқа да кредиторлық берешек	19.942	5.887
	5.934.710	258.547

2023 жылы Top Durbin PLC компаниясынан Золгенсма препаратын сатып алды. Шарттың жалпы сомасын 11.550 мың АҚШ доллары құрады. Келісімшарт талаптарына сәйкес міндеттемелерді төлеу үш бөлікпен жүзеге асырылады. Бастапқы төлем келісімшарттың жалпы сомасының үштен бірін құрайды және аванстық төлем болып табылады. Қалдықтың баламалы үлестерін қамтитын кейінгі төлемдер Top препарatty алғаннан кейін бір және екі жылдан кейін жасалады. Бұл міндеттемелер 7.13% -7.79% дисконт мөлшерлемесін пайдалана отырып есептелген әділ құн бойынша танылды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

13. САУДА ЖӘНЕ БАСҚА ДА КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК (жалғасы)

Бастапқы тану кезінде кредиторлық берешектің әділ құны 10.780 мың АҚШ долларына тең болды (баламасы 4.869.197 мың тенге). 2023 жылдың ішінде Топ 3.850 мың АҚШ долларын төледі (баламасы 1.719.262 мың тенге). 2023 жыл ішінде Топ осы міндеттеме бойынша дисконттың амортизациясы ретінде 274 мың АҚШ долларын (баламасы 124.650 мың тенге) мойындағы. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Durbin PLC алдындағы сауда кредиторлық берешек 7.204 АҚШ доллары болды (баламасы 3.274.586 мың тенге).

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сауда және басқа да кредиторлық берешектің қалған бөлігі «ITECH PRO» ЖШС алдында 778.689 мың тенге сомасында және «SPACE Y» ЖШС 301.075 мың тенге «QH Алматы облысының мектептерінде «Білім-инновация» лицейлерінің тәжірибесін енгізу» бағдарламасы шеңберінде мектептерді жараптандыру үшін жабдықтар жеткізгені үшін, «Оптимус Медика» ЖШС алдында «QH Денсаулық жолы» жобасы шеңберінде «Optima жылжымалы кешенін» (онкологиялық аурулардың ерте сатысында пациенттерді анықтау үшін) сатып алуды қаржыландыру үшін 545.547 мың тенге, «Базисный магазин» ЖШС алдында 403.428 мың тенге сомасында, «STEM ACADEMIA» ЖШС алдында 360.686 мың тенге, «EDTECH INNOVATION» ЖШС алдында «Ауылдық жерлерде тірек мектептердің әлеуетін дамыту» бағдарламасы шеңберінде мектептерді жараптандыру үшін жабдықтар жеткізгені үшін 119 363 мың тенге сомадағы берешекпен білдірілген.

15. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН МӘМІЛЕЛЕР

Негізгі басқаруши персоналға төленетін сыйакы

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша негізгі басқаруши персонал 4 адамнан (2022 жыл: 3 адам) тұрды. Есепті кезеңдегі жалақы Қор Басқармасының 2 мүшесіне және Эндаймент корының Директорына төленді. Басқарма төрағасы өз еркімен (өз бастамасы бойынша) жалақы алмайды. 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін негізгі басқаруши персоналға төленген сыйакының жалпы сомасы 43.247 мың тенге (2022 жыл: 23.543 мың тенге) болды, ол негізінен жалақы мен басқа да төлемдерден тұрды және жиынтық кіріс туралы есептің жалпы және әкімшілік шығыстар құрамына қосылды.

16. ҚАРЖЫ ТӘҮЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ

Тәуекелдерді басқару Қор қызметінің маңызды элементі болып табылады. Қор тәуекелдердің дәрежесі мен көлемі бойынша тәуекелге ұшырағыштығы талданатын тәуекелдер бойынша ішкі есептер арқылы оның операцияларына жататын қаржы тәуекелдерін бакылайды және басқарады. Мұндай тәуекелдерге, негізінен, кредиттік тәуекел, валюталық тәуекел және өтімділік тәуекелі кіреді. Бұдан әрі Қордың осы тәуекелдерді басқару жөніндегі саясатының сипаттамасы көлтіріледі.

Валюталық тәуекел

Валюталық тәуекел – валюталарды айырбастау бағамдарының өзгеруіне байланысты қаржы құралы құнының өзгеру тәуекелі. Қор операциялары Қазақстан Республикасының аумағында жузеге асырылады. Есепті күнге Қордың шетел валютасындағы активтері мен міндеттемелерінің маңызды еместігіне байланысты валюталық тәуекелдің әсері шамалы болып табылады.

Кредиттік тәуекел

Кредиттік тәуекел – Қор қаржылық шығындарды қөтереді деген тәуекел, өйткені контрагенттер қаржы құралы немесе клиенттік шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамайды. Қор оның операциялық қызметімен және банктер мен қаржы ұйымдарындағы депозиттерді, валюталық операцияларды және басқа да қаржы құралдарын коса алғанда, қаржылық қызметпен байланысты кредиттік тәуекелге ұшырағыш келеді. Қор акша калдықтары мен депозиттердің орналастырылуы мен банктік рейтингтерді тұркты қадағалап отырады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**16. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)****Кредиттік тәуекел (жалғасы)**

31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың акша қаражаты мен банк салымдары келесі банктерде орналастырылған:

	Орналасқан жері	Рейтинг	2023 жылғы 31 желтоқсан	2022 жылғы 31 желтоқсан
Банктер				
«Халық Банкі» АҚ	Қазақстан	Baa2 (позитивті)	42.234.316	24.910.772
«Еуразиялық Банк» АҚ	Қазақстан	B1 (позитивті)	28.797.516	27.868.415
«Қазпошта» АҚ	Қазақстан	Baa3 (позитивті)	20.675.324	—
«ForteBank» АҚ	Қазақстан	Ba2 (позитивті)	16.100.030	21.575.167
«Bank RBK» АҚ	Қазақстан	B1 (позитивті)	12.693.264	30.667.663
«Kaspi Bank» АҚ	Қазақстан	B1 (позитивті)	9.598.917	8.980.779
«Нұрбанк» АҚ	Қазақстан	B3 (позитивті)	2.530.417	2.682.290
«БанкЦентрКредит» АҚ	Қазақстан	Ba2 (позитивті)	518.625	1.012.472
«First Heartland Jusan Bank» АҚ	Қазақстан	B1 (позитивті)	116.282	581.746
Минусы: күтілетін кредиттік зияндар резерві			(220.277)	(492.760)
			133.044.414	117.786.544

Өтімділік тәуекелі

Сауда және басқа да кредиторлық берешек қысқа мерзімді болып табылады және 3 айдың ішінде өтелуге жатады. Акша қаражаты мен оның баламаларының айтарлықтай балансына және қысқа мерзімді банктік салымдарға байланысты өтімділік тәуекелі маңызды емес.

Каржы құралдарының әділ құны

Акша қаражатының, банк салымдарының, сауда және басқа да дебиторлық берешектің, сауда және басқа да кредиторлық берешектің, басқа қаржылық міндеттемелердің баланстық құны мұндай каржы құралдарының қысқа мерзімділігіне орай шамамен олардың әділ құнына тең.

2023 жылғы 31 желтоқсанға Қордың I-ші немесе 2-ші деңгейдегі каржы құралдары ретінде жіктелген каржы құралдары болмады.

17. ЕСЕПТІ КҮННЕҢ КЕЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

2024 жылдың наурыз-сәуір айларында еліміздің бірнеше өнірінде (Солтүстік Қазақстан, Атырау, Актөбе, Ақмола, Қостанай, Батыс Қазақстан және т.б. облыстар) күрделі су тасқыны жағдайы қалыптасты.

Тұжырымдамаға сәйкес Қордың мақсаттарының бірі төтенше жағдайлар кезінде зардал шеккен халыққа көмек көрсету болып табылады. Осыған байланысты 2024 жылғы 8 сәуірде Қордың Қамқоршылық кеңесі су тасқыны салдарынан зардал шеккен еліміздің бірқатар өнірлерінде көмек көрсету мәселесін қарады және осы мақсаттарға 10 млрд. тенге бөлу туралы шешімді бекітті.

2024 жылдың кантар-наурыз айларында Топ «Самұрық-Қазына ҰӘҚ» АҚ-дан қайырымдылық қаражатынан қалған берешекті өтеу шенберінде 45.963.729 мың тенге мөлшерінде акша қаражатының қалған бөлігін алды.